

Қосанов Ж.Х., *з.э.д., профессор Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ азаматтық, табиғи ресурстық және экологиялық құқық кафедрасының меңгерушісі,*

ҚАЗАҚСТАН ЗАҢ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КӨШ БАСШЫСЫ, САРДАРЫ

Академик Салық Зиманов Қазақстан заң ғылымдарының негізін қалап, керегесін көтерген, алып тұлға. Кеңестер Одағы кезінде қоғамдық ғылымдардағы идеологиялық приоритеттерге қарамастан Қазақстанның мемлекет ретіндегі тарихи ерекшеліктерін, ірі саяси тұлғаларының көз қарастарын, көшпенділер өркениетін тереңінен зерттеді. Өткен ғасырдың 60-80 жылдарында пікір таластармен тартыстардың қалың ортасында жүріп, құқықтық реттеудің барлық қоғамдарға тән болмысы, белгілері, ұлттық мемлекеттіктердің реттеушілік творчестволық ролін көтеру жөніндегі өзінің соны пікірлерін кеңестік ғылыми қауымға мойындата білді. Оның Қазақстан мен Орта Азиялық халықтардың саяси құқықтық көз қарастары, саяси тарихы жөніндегі еңбектері қазіргі ғылыми кеңістіктегі тарихи сабақтастылықтың негізін құрайды. Салық Зиманов би бабалардың асыл мұрасын он том қылып әлемге паш, тәуелсіз Қазақстанға тарту етіп, Қазақтың билер институтының еуроазиялық өркениеттің шоқтығы бөлек ерекше жетістігі екенін айқындап, оны іргесін өзі қалаған методологиялық тұрғыдан әрі қарай зерттеуді жаңа ұрпаққа аманат қылып тапсырып отыр. Сәкең өзінің мерей тойын ғасырлар тоғысындағы сомдалған, ерекше саяси тұлға, мемлекет қайраткері, философ, заңгер ғалым, тарихи – ғылыми феномен ретінде қарсы алууда.

Зимановтың Қазақстан тарихындағы, саяси, ғылыми өрісіндегі орны, үлесі ғылыми ізденістердің пәніне айналары сөзсіз.

Академик Зимановтың кейбір творчестволық ерекшеліктерінің өзі ғылыми құбылыс ретінде зерделеуді қажет етеді. Мысалы, Сәкең еңбектерін қазақ және орыс тілдерінде жазып жүрген ғалым. Қазақ тілінің тылсымын, мазмұнын, астарын, ресми, әдебиеттік мағынасын терең білуі мен сезінуі Сәкеңнің ұлттық тілдегі еңбектерінің мемлекеттік тілдегі ғылыми ой сананы, ғылыми айналымды, ғылыми мектептерді қалыптастырудағы орнының ерекшелігін көрсетеді. Салық Зиманов қазақстанның заң ғылымдарының тарихында еңбектерін, диссертацияларын алғашқы болып қазақша жазып, қорғаған, қазақтың тарихи мұрасын игеруге елеулі үлес қосқан ғылыми мектептің негізін қалаушы. Сонымен қатар, академиктің орыс тілінде астарлап сөйлей және жаза білуі таң қаларлық жай. Астарлап сөйлеу орыс тіліне жат, негізінен қазақ билеріне тән қасиет. Академиктің астарлы сөздері терең ойлануды, сөздің ішкі сырын, мазмұнын талдауды қажет етеді.

Кейінгі жылдарда Салық Зимановтың ғылыми ізденістерінде посттотолитарлық кезеңде тәуелсіз, демократиялық Қазақ мемлекетін құру жөніндегі өзекті мәселелердің үлесі басым.

Академиктің тоқсанды алқымдағанда жазып, айтып жүрген ой толғаныстары, пікірлері тәуелсіз Қазақстанның заң ғылымдарының даму

үрдістерін айқындайтын бағдарламаларға айналуға. Қазақстанның құқық қорғау органдарының реформасын жүргізу жөніндегі Президенттің ұсынысын қолдай отырып, кемеңгер ғалым реформаны құқық қорғау органдарының негізгі буыны сот жүйесінде түбегейлі жүргізу қажеттілігі, оның мультипликативтік нәтижелері, концептуалдық негіздері жөніндегі салиқалы ойларын ортаға салуда. Академик Салық Зимановтың паймдауынша құқық қорғау органдарының реформасын жүргізу барысында отандық және халықаралық тәжірибемен қатар «дала» құқығын да ескеру қажет. Оның саланы реформалаудағы билер кеңесін және билер сотын жаңғырту жөніндегі ұсыныстары мемлекет өміріндегі отаршылыққа байланысты үзілген тарихи сабақтастықты жалғастыруға бағытталған.

Академиктің Қазақстанның ұлттық, стратегиялық мүддесімен байланысты жер қойнауын пайдалу мәселері жөніндегі пікірлері де заңгерлер арасында кеңінен талқылануда. Салық Зимановтың көз қарастырының ежелгі Рим заңгерлерінің тұжырымдамалары мен үндестігі академиктің ғылыми мәселенің терең тарихи тамырына үңіле білетіндігін, тарихи сынақтан өткен рим постулаттарын қазіргі заман талаптарына бейімдей білетіндігін көрсетеді. Рим заңгерлері бірнеше ғасырлар бұрын мемлекет қоғамдық қатынастарға саяси суверен «империум» және меншік иесі «доминиум» ретінде қатысатындығын, оның саяси суверен ретіндегі мәртебесі, құзіреті меншік иесі ретіндегі мәртебесінен басым, биік екендігін айытқан болатын. Академиктің мемлекеттің саяси суверен ретіндегі мәртебесін жер қойнауы мен жер қойнауын пайдалану заңнамасында ескеруге бағытталған тұжырымдарының саяси және құқықтық маңыздылығы зор. Біріңғай сұрақтар топтамасынан ең бастыларын, ұйытқылық мәні барларын іріктеп алып жан жақты зерделеу академиктің ғылыми ізденістерінің бәріне тән болуы академиктің зерттеулерінің ерекшеліктерінің белгілерін құрайды. Салық Зимановтың құқық салаларының өзекті мәселелері бойынша айтылған пікірлері қосалқы, туынды сұрақтарды кешенді түрде шешуге методологиялық негіз болатындығы қазақстан заң ғылымының ақиқатына айналуға.

Салық Зимановтың қазіргі уақытта да өзінің ұстаздық қызметін тастамай жүргені студент жастар үшін өте маңызды ғылыми мектеп. Біз оқытушылар студенттер мен кездесуде өз өмірбаяндарын, лауазымды жұмыстарын, тәрбиелеген кадрларын, шенді тұлғалар мен кездесулерін, шет елде болғандарын айтып кететін ғалымдарды да көріп жүрміз. Салық Зиманович қашанда болсын студенттерге тек дәріс оқиды. Өзінің өмір жолдарына байланысты сұрақтардың өзін ғылыми мәселелер мен ұштастырып алып кетеді. Студенттерді баурап алатындығы соншалық, олар бірнеше сағаттар бойы Сәкеңді ұйып тындайды. Қазіргі студенттерді сонашама ынталандыра білу тек өте талантты педагогтың ғана қолынан келетіні сөзсіз. Дарынды ұстаздың дәрістерінің студенттерді ғылымға баулудағы маңызы орасан зор десек қателеспейміз.

Қазақ ССР Ғылым академиясының философия және құқық институтында істеп жүрген кезімізде біз де Салық Зимановичтің методологиялық семинарлардағы баяндамаларынан қалмайтын едік. Сол кездегі философ және заңгер жастардың ғылыми қалыптасуына Академиктің сөз сөйлеу мәнерінің, педагогтық дарынының әсерінің болғаны сөзсіз.

Академиктің Қазақстандағы заң ғылымын ұйымдастырудағы, ғылыми кадрлерді әзірлеудегі еңбегі де орасан зор.

Сәкеңнің қазақстанның заңгер ғалымдарының алғашқы легін қалыптастырудағы, тәрбиелеудегі ерен еңбегі ғылыми қауымдастыққа кеңінен мәлім. Кейінде талантты жастарға ағалық қамқоршылығын көрсетіп жүрді. Философия және құқық институтында жүргенде Мұрат Әуезовтен, ол көшпенділер өркениеті жөнінде жазғандары үшін қатты сынға алынғанда Салық Зимановичтен қолдау тапқанын естуші едік. Полковник Е.Жанабилев жас кезінде «вытрезвительге» түсіп қалып, институтқа ол жөнінде хат келіп, Салық Зиманович осыған байланысты өзіне шақырғанда, Институт директорының кабинетіне жұмыстан өз еркімен кету жөнінде арызын қалтасына салып кіргенін, Салық Зиманович оған сен арақ ішкенде «закусывать» етпейсің, маған «закусывать» ететінің жөнінде уәде бер деп, милициядан келген хатты жыртып тастағанын, асыл ағаға берген уәдесін осы күнге дейін орындап жүргенін айтып күліп отыратын.

Салық Зиманов өз елімізде ғана емес басқа да тарихы мен тағдыры бір бұрынғы кеңес республикаларында да кеңінен танымал тұлға. Туысқан республикаларда заң ғылымдарының дамуына, ғылыми кадрларын дайындауға академик Салық Зимановтың әсері, қосқан үлесі де елеулі. Салық Зиманов кеңестік және қазақстандық заңгерлер буынының Ұстазы болып қала береді.